

Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне және олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне, сондай-ақ ішкі істер органдарының зейнеткерлеріне медициналық және санаторлық-курорттық қызмет көрсету тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 қаңтар N 53 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 ақпандағы № 78 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.02.2016 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.30. N 85 Қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне және олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне, сондай-ақ ішкі істер органдарының зейнеткерлеріне медициналық және санаторлық-курорттық қызмет көрсету тәртібі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2

ж ы л ғ ы

1 6

қ а ң т а р д а ғ ы

N

5 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне және олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне, сондай-ақ ішкі істер органдарының зейнеткерлеріне медициналық және санаторлық-курорттық қызмет көрсету тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы", "Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы", "Өрт қауіпсіздігі туралы", "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері туралы", "Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы", "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және Ішкі әскерлердің әскери қызметшілеріне, ішкі істер органдарының, мемлекеттік өртке қарсы күрес қызметінің, қаржы полициясының, қылмыстық атқару жүйесінің қызметкерлеріне, олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне, сондай-ақ осы ведомстволар қызметкерлерінің арасынан шыққан зейнеткерлерге (бұдан әрі - контингент) медициналық және санаторийлік-курорттық қызмет көрсету тәртібін анықтайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.01.30. N 85 Қ а у л ы с ы м е н .

1-1. Қызметтік міндеттерін не қызметтік борышын атқару кезінде қаза болған ішкі істер органдары қызметкерлерінің балаларында олар кәмелетке толғанға дейін ведомстволық денсаулық сақтау мекемелерінде медициналық және санаторлық-курорттық қызмет көрсету құқығы сақталады. <*>

Ескерту. 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.07.13. N 724 қ а у л ы с ы м е н .

2. Құрамға медициналық және санаторлық-курорттық қызмет көрсету Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің медицина ұйымдарында жүзеге асырылады.

Санаторлық-курорттық қызмет көрсету Ішкі әскерлердің мерзімді қызметтегі әскери қызметшілеріне қолданылмайды.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.30. N 85 Қ а у л ы с ы м е н .

3. Құрамға медициналық көмекті Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің медицина ұйымдары көрсетеді. Қызмет өткеріп жүрген жерде немесе тұратын жерінде, немесе ведомстволық медицина ұйымдарында тиісті бөлімшелер, мамандар не арнайы жабдықтар болмаған ретте, медициналық көмек денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның аумақтық ұйымдарында кепілді медициналық көмек көлемі шегінде тиісті бюджеттер қаражаты есебінен кедергісіз әрі тегін көрсетіледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.30. N 85 Қ а у л ы с ы м е н .

4. Құрамға медициналық көрсетулер бойынша медициналық жәрдем, үйінде тегін кепілді медициналық көмек көлемі шегінде көрсетіледі.

2. Медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру

5. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің медицина ұйымдары медициналық көмектің: алғашқы медициналық-санитарлық көмек, мамандандырылған медициналық көмек, медициналық-әлеуметтік көмек және оңалту көмегі түрлерін жүзеге асырады.

6. Құрам қатарынан сырқатты мамандандырылған стационарға, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы ғылыми-зерттеу ұйымдарына тексеру және емдеу үшін ауыстыру қажеттігі туындаған жағдайда, мұндай ауыстыру заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Мұндай адамдарды шет елге тексеруге және емделуге жіберу заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.30. N 85 Қ а у л ы с ы м е н .

7. Контингенттің қатарынан шыққан зейнеткерлерге стационарлық емдеу Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, тегін кепілді медициналық көмек көлемі шегінде көрсетіледі.

Стационарларда дәрі-дәрмектік көмек денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен, өмірлік маңызы бар дәрі-дәрмектік құралдар тізіміне сәйкес жасалған дәрі-дәрмектік формуляр бойынша тегін көрсетіледі.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.30. N 85 Қ а у л ы с ы м е н .

8. Ішкі істер органдарының денсаулық сақтау медицина ұйымдарында стационарлық емдеуде болатын ішкі істер органдарының, мемлекеттік өртке қарсы күрес қызметінің, қаржы полициясының, қылмыстық атқару жүйесінің қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлерінің әскери қызметшілеріне медициналық және дәрі-дәрмектік көмек сырқатты емдеу үшін қажетті көлемде әрі құрамда көрсетіледі.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.30. N 85 Қ а у л ы с ы м е н .

9. Астана және Алматы қалаларынан тысқары жерлерде тұратын құрам Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Астана және Алматы қалаларында орналасқан республикалық медицина ұйымдарына консультация алуға және ауруханаға жатуға Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Тыл департаменті Медицина басқармасының ұсынуы бойынша Тыл департаментінің жазбаша рұқсатымен жіберіледі.

Сырқаттарды Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің республикалық медицина ұйымдарына жіберу кезінде Астана және Алматы қалалары, облыстардың ішкі істер департаменттерінің медицина қызметтері

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Тыл департаментінің Медицина басқармасына ауру баянының немесе амбулаторлық картаның толық көшірмесін жібереді.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.30. N 85 Қаулысымен.

10. Медициналық көмек алу үшін құрамды тіркеу ресімдеуін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің медицина ұйымдары ішкі істер органдарының, мемлекеттік өртке қарсы күрес қызметінің, қаржы полициясының, қылмыстық атқару жүйесінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлерінің кадр аппараттарының тізімі негізінде жүргізеді. Әрбір тіркелген адамға медициналық амбулаторлық карта ашылады, ол амбулаторлық-емханалық мекеменің тіркеу бөлімінде сақталады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.30. N 85 Қаулысымен.

3. Санаторлық-курорттық қызмет көрсету

11. Құрамға санаторлық-курорттық қызмет көрсету Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

12. (Ескерту. 12-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.01.30. N 85 Қаулысымен).

13. Санаторлық-курорттық емделуге жіберу кезінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен, белгіленген нысан бойынша медициналық құжаттама ресімделеді.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.30. N 85 Қаулысымен.

14. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде зақым алған (жараланған, жарақат, контузия алған) ішкі істер органдарының қызметкерлері емделгеннен кейін бюджет қаражаты есебінен ішкі істер органдары санаторлық-іріктеу комиссияларының шешімі бойынша санаторийлік-курорттық емдеуге жіберіледі.

Ескерту. 14-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.01.30. N 85 Қаулысымен.